



ПАРЛАМЕНТАРИЗМ
ИНСТИТУТЫ

**«Мәслихат депутаттары мен
Парламент депутаттарының өзара іс-
қимылын арттыру»**



Мемлекет басшысы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында:

«Парламент пен мәслихаттар әрдайым бірлесе жұмыс істеуі қажет. Жергілікті биліктің шамасы келмейтін ауқымды мәселелерге орталық дер кезінде көңіл бөледі.

Өтініштерді қарауға қатысты жұмыстың бірыңғай экожүйесі қалыптаса бастағаны өте маңызды. Бұл жүйе халықтың қажеттілігі мен талап-тілегін нақты біліп отыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс».



Жергілікті мәслихаттар Халықпен бірінші кезекте байланыста болады, ал азаматтар бірінші кезекте мәслихат депутаттарына жүгінеді.



Сондықтан бүгінгі тренинг заңнамалық шешімді талап ететін проблемалар бойынша Парламент пен мәслихаттардың өзара іс-қимыл мәселелеріне арналады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі КЕҢЕС



КЕҢЕС

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Бюросының
2023 жылғы 15 мамырдағы қаулысымен
ҚҰРЫЛДЫ

Кеңестің негізгі **МАҚСАТЫ** жергілікті мемлекеттік
басқару және өзін-өзі басқару саласындағы
заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу
және енгізу болып белгіленді.

2024 жылғы 26 қаңтарда Сенат пен
мәслихаттар арасындағы іс-қимылды одан
әрі жетілдіруге арналған іс-шаралар
ЖОСПАРЫ қабылданды.

Сенат пен мәслихаттар арасындағы іс-қимылды одан әрі жетілдіруге арналған іс-шаралар ЖОСПАРЫ

1

Мәслихат депутаттарының заң жобалау жұмыстарына белсене қатысуы

Ұсыныстарын талқылау үшін мәслихат депутаттарын жұмыс топтарының отырыстарына шақыру. Мәслихаттардан ұсыныстарды сұрау.

2

Аймақтық мәселелерді бірлесіп шешу

Өңірлерде парламенттік тыңдаулар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру. Сенат комитеттерінің көшпелі отырыстарында өңірлік мәселелерді бірлесіп талқылау.

3

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту

Жергілікті атқарушы және өкілді органдардың мәртебесін нығайтуға бағытталған заңнамалық нормаларды талқылау, кеңестер өткізу.

4

Өңірлерде заңдардың орындалуын бақылау

Елбасының тапсырмалары аясында өңірлердегі маңызды заңдардың орындалуын бірлесіп талқылау. Заңдарды іске асырудың проблемалық мәселелері бойынша мәслихаттардан ұсыныстар сұрау.

5

Мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыру

Парламентаризм институтымен бірлесе отырып мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын қаржыландыру, сондай-ақ гранттық қаражаттарды тарту.

Сенатпен бірлескен жұмыстан күтілетін нәтижелер

1

Мәслихат депутаттары заң жобаларын әзірлеу кезінде жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін дәлірек есепке алуға көмектесетін ұсыныстар енгізе алады

2

Маңызды өңірлік мәселелерді бірлесіп талқылауға және түйінді мәселелерді жылдам шешуге көмектеседі

3

Жергілікті атқарушы және өкілді органдардың мәртебесін нығайтуға бағытталған заңнамалық нормаларды талқылау

4

Қабылданған заңдардың орындалуын тиімді бақылауға мүмкіндік береді


5

Біліктілікті арттыру бағдарламалары арқылы мәслихат депутаттары заң шығару және мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өздерінің құзыреттілігін арттыра алады

ЖОСПАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ДАҒДЫЛАР

Заң шығарушылық қызмет дағдылары (жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін ескеруге көмектесетін ұсыныстар мен түзетулер енгізу қабілеті).

Сенат және орталық билікпен өзара іс-қимылды орнату (Бұл өзара іс-қимыл депутаттарға заңдарды жергілікті жерлерде қолдану тәжірибесі мен жергілікті қауымдастықтардың сұраныстары негізінде түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.)




Аймақтық мәселелер туралы ақпаратты анықтау (аймақтардың инфрақұрылымдық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерін терең түсіну)


Заңдардың жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын қадағалау және талдау

Халықтан кері байланыс орнату (азаматтармен кездесулер өткізіп, заңнаманы іске асыру барысында туындаған мәселелерді талқылауды ұйымдастыру)

МӘСЛИХАТ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ



«ӨТІНІШ» ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ



«Алайда, проблемалық мәселелерді азаматтар тек тиісті органдарға ресми өтініштерде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілерде, жаңалықтар арналарында және т.б. түсініктемелер, жауаптар, мәлімдемелер түрінде, сондай-ақ халық арасында әлеуметтік зерттеулер мен түрлі сауалнамалар жүргізу кезінде білдіре алады.



Сондықтан "өтініш" ұғымы ресми түрде жіберілмеуі мүмкін белгілі бір мәселе бойынша азаматтардың пікірін білдірудің барлық түрлеріне қолданылуы керек

ХАЛЫҚТЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Азаматтардың ресми өтініштері

- 1) Қазақстан Республикасының Президентіне өтініштер;
- 2) Премьер-Министрге өтініштер;
- 3) орталық мемлекеттік органдарға және жергілікті мемлекеттік басқару органдарға өтініштер (басшылар мен әкімдердің жеке блогы);
- 4) Парламент пен мәслихат депутаттарына өтініштер;
- 5) квазимемлекеттік органдарға жүгіну;
- 6) Уәкілдерге өтініштер (адам құқықтары, балалар және кәсіпкерлер жөніндегі);
- 7) қоғамдық қабылдау партиясы (өтініштер – шағымдар мен арыздар);
- 8) «Электрондық үкімет» порталы, «Ашық диалог» алаңы;
- 9) өтініштер сайты – «E-Otinish» (<https://eotinish.kz/>);

Әлеуметтік желілер мен түрлі жаңалықтар арналарынан алынған ақпарат (азаматтардың пікірлері)

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары (мақалалар, анықтамалар, анықтамалық есептер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, вебинарлар, хабарламалар, пікірлер, түсіндірмелер және басқа да жарияланымдар);
- 2) жаңалықтар арналары (азаматтардың түсіндірмелері);
- 3) азаматтардың айтқан пікірлері бар әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram, Youtube және т.б.), түсіндірмелер;

Статистика және социологиялық зерттеулердің нәтижелері

- 1) мемлекеттік органдардың есептері;
- 2) квазимемлекеттік органдардың есептері;
- 3) ұлттық баяндамалар;
- 4) ҮЕҰ-лардың (үкіметтік емес ұйымдар), қозғалыстар мен коалициялардың социологиялық зерттеулері, есептері, баяндамалары және басқа да ақпараттары;
- 5) халық арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері;
- 6) сот тәжірибесі;
- 7) статистикалық мәліметтер;

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ТАЛДАУ



Халықтың белгілі бір мәселеге **көзқарасын** анықтау

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ



Туындаған мәселеге уақтылы жауап беру мүмкіндігін күшейту




Халықтың наразылық көңіл-күйінің алдын алу

ХАЛЫҚТЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ



- ✘ Азаматтардың шағымдары **тек лауазымды тұлғалардың заңнаманы бұзғанын анықтау** тұрғысынан қаралады
- ✘ НҚА нормаларының **дұрыстығына талдау жүргізілмейді**, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын бұзатын нормаларды жою бойынша шаралар қабылданбайды

ХАЛЫҚТЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАРАУ ТЕТІГІ



«ӘДІЛЕТ» - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің толық электрондық жинағы

The screenshot displays the 'Adilet' website interface. At the top left is the 'Әділет' logo. To its right, text identifies it as the 'Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі'. On the top right, there are logos for the 'Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі' and the 'Заңнама және құқықтық ақпарат институты'. Below the header is a navigation bar with a home icon, 'Іздеу', 'Ресми жариялау', '“БҰҰ” құжаттары', 'Зерттеулер кітапханасы', 'Дүниежүзілік сауда ұйымы', 'Таңдаулы', and 'Кабинет'. Language options 'ҚАЗ', 'РУС', and 'ENG' are also present. A search bar contains the text 'Іздеу: жер кодексі', with 'жер кодексі' circled in red. To the right of the search bar is a search button and a link for 'Кеңейтілген іздеу'. Below the search bar is a breadcrumb trail: '» Негізгі » Іздеу » Акт нысаны (Кодекс) » Қалпына келтіру'. The main content area shows search results for '1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі'. The first result is 'Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.' followed by a description: 'бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен. 2-бап. Жерді санаттарға жатқызу, оларды бір санаттан басқасына ауыстыру Жерді осы Кодекстің 1-бабында аталған'. Below this are two more entries: 'Қазақстан Республикасының Жер кодексі' and 'Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.'. On the right side of the results, there is a section 'Іздеу нәтижелері' with an RSS icon, stating 'Табылды: 37 құжаттар' and providing links for 'релевант бойынша, заңды күші бойынша', 'қабылдау күні бойынша', 'өзгертілген күні бойынша' and a 'сұрыптау' option. At the bottom right, there is a link 'Іздеу көрсеткіштерін алып тастау'.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАНЫҢ АУҚЫМЫН ЖАҚСЫ ТҮСІНУ ДАҒДЫЛАРЫ


№	Үлгі сұрақтар (қоғамдық қатынастар)	Реттейтін нормативтік құқықтық актілер
1	ЖК салықтарының мөлшері	ҚР Салық кодексі
2	Тексеру ұзақтығы.	ҚР Кәсіпкерлік кодексі
3	Сатылған тауарды қайта қабылдап алмауға құқығым бар ма?	«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы
4	Салықтарды төлемегендік үшін жауапкершілік	ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі
5	Лицензия алу шарттары	«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңы
6	Жер учаскесін қандай мерзімге алуға болады?	ҚР Жер кодексі
7	ЖШС тіркеу үшін қандай құжаттар қажет?	«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңы
8	Қандай жағдайларда шартты жазбаша түрде қашан жасау керек?	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
9	Кепіл, кепіл зат.	ҚР Азаматтық кодексі
10	Заңды тұлғалардың банкроттығы	«Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңы
11	Неке-отбасы қатынастары	« Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы » ҚР Кодексі

ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫНЫҢ ЖЕТІЛМЕГЕНДІГІ

(олқылықтар, коллизиялар және сыбайлас жемқорлық нормалары)



ОЛҚЫЛЫҚ -жекелеген қоғамдық қатынастардың, оларды іске асыру тәртібі және т.б. реттелмеуі



КОЛЛИЗИЯЛАР нормалары арасындағы сәйкессіздіктердің немесе қайшылықтардың болуы.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ НОРМАЛАРЫ- мұндай нормаларды қолдану процесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормалар.

ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫН ӨЗГЕРТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ДАЙЫНДАУ



Салыстырмалы кесте

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған редакция	Негіздеме
"Коллекторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 6 мамырдағы № 62-VI Заңы				
1	1-бап	1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: 10) жоқ	1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: 10) үшінші тұлға – банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде борышкер өзара іс-қимыл жасауға жазбаша келісім берген тұлға.	Қазіргі уақытта борышкерлерде жосықсыз коллекторлар қарыз шартына қатысы жоқ борышкердің таныстарымен, әріптестерімен, достарымен байланысып, мұндай адамдарға қысым көрсетіп, оларға борышкердің дербес ақпаратын, банктік құпиясын ашатын мәселе бар. Заң мәтініне сәйкес "үшінші тұлға" термині бірнеше рет қолданылады. Бұл ретте "үшінші тұлға" ұғымы заңмен реттелмейді, бұл іс жүзінде коллекторлық агенттіктер тарапынан әртүрлі талдауға және теріс пайдалануға әкеледі.

ПАРЛАМЕНТ САЙТЫНДА ЗАҢ ЖОБАСЫН ҰСЫНУ



ПАРЛАМЕНТАРИЗМ
ИНСТИТУТЫ

Нашар көретіндер нұсқасына көлу

Заң жобасын ұсыну



Google



Қазақстан Республикасы
Парламентінің Сенаты



Өз өңіріңіздің
сенаторын табу



Сенаторға
сұрақ қою

ЖАҢАЛЫҚТАР


ҚЫЗМЕТІ

ҚҰРЫЛЫМЫ

БАҚ-ҚА АРНАЛҒАН

СЕНАТ ТУРАЛЫ

Іздеу



Заң жобасын ұсыну

Заң жобасын ұсыну / Заң жобасын ұсыну нысаны

Заң жобасын ұсыну нысаны

Тақырыбын таңдаңыз

Сіздің елденіңіз (ТАӘ)

Сіздің қалаңіз (ТАӘ)

Сіздің телефон нөміріңіз

+7 747 123 45 67

Сіздің E-mail адресіңіз

email@parlam.kz

Текст предложения

Сіздің ұсыныңыз

Тіркемелер (құжаттар, презентациялар, фотосуреттер)

Выбрать файлы | Файл не выбран

Файл таңдалмады

Электронды тасымалдағыштан өзіңіздің электронды сандық қолтаңбаңыздың файлын таңдаңыз

ЭЦҚ арқылы қол қою және жіберу

Заң жобасын ұсыну

Заң жобасын ұсыну / Заң жобасын ұсыну нысаны

Заң жобасын ұсыну нысаны

Тақырыбын таңдаңыз

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту заң жобалары

Әлеуметтік мәдени даму және ғылым заң жобалары

Қаржы және бюджет заң жобалары

Сот жүйесі және құқық қорғау органдары заң жобалары

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік заң жобалары

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік заң жобалары

Сіздің E-mail адресіңіз

email@parlam.kz

Текст предложения

Сіздің ұсыныңыз

Тіркемелер (құжаттар, презентациялар, фотосуреттер)

Выбрать файлы | Файл не выбран

Файл таңдалмады

Электронды тасымалдағыштан өзіңіздің электронды сандық қолтаңбаңыздың файлын таңдаңыз

ЭЦҚ арқылы қол қою және жіберу

ХАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ - НОРМАШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗІ





ПАРЛАМЕНТАРИЗМ
ИНСТИТУТЫ

**Назар аударғаныңыз үшін
рахмет!**
